

## Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 16 наурыздағы № 99 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 17 наурызда № 38163 тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33763 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-2-бабының 9-1) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұрғын үй көмегін беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тұрғын үй көмегін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-2-бабының 9-1) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібін айқындайды.";

3-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"ағымдағы және жинақтау жарналарын;";

4-1-тармақтың 8)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) ағымдағы жарналар бір шаршы метр үшін жүз теңгеден аспайды;

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-1-бабының 3-тармағына сәйкес жинақтау жарналары;";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін Көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" веб-порталы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрғын үй көмегін тағайындау туралы өтініш жібереді.

Өтініште көрсетілген деректерге сәйкес көрсетілетін қызметті беруші қажетті мәліметтерді еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы сұратады.";

14-тармақтың 1) және 2)-тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Көрсетілетін қызметті беруші өтініш келіп түскен күннен бастап осы Қағидалардың мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден деректерді қарауды жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініш берген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы өтінішті құжаттармен бірге осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін – 2 (екі) жұмыс күні ішінде қарайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатты, отбасының кірісін растайтын құжаттарды (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда), отбасы құрамын, жұмыс орнынан анықтама немесе жұмыссыз адам ретінде тіркелуі туралы анықтаманы (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда), балаларға және асырауындағы басқа да адамдарға алименттер туралы мәліметтерді, банктік шотты, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шотты, коммуналдық қызметтерді тұтыну шоттарды, телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесін, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шотты сәйкестікке тексереді.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы құрамы Қағиданың 25-тармағына сәйкес анықталады.";

көрсетілген Қағидаға 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаға 2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Тұрғынжайға мұқтаж адамдарды есепке қою және мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорынан тұрғынжай беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 105 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35912 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұрғынжайға мұқтаж адамдарды есепке қою және мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорынан тұрғынжай беру қағидаларында:

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган ақпараттық жүйелер арқылы:

1) отбасының бірге тұратын барлық мүшелеріне тіркелген тұрғылықты жерінің мекенжайы туралы мәліметтерді;

2) мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорынан есепке қою үшін өтініш берушіге және оның отбасының бірге тұратын мүшелеріне меншік құқығында соңғы бес жыл ішінде Қазақстан Республикасының аумағында тиесілі тұрғын үйдің болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді;

3) ) мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорынан есепке қою үшін өтініш берушіге және оның отбасының бірге тұратын мүшелеріне меншік құқығында соңғы бес жыл ішінде осы елді мекенде тиесілі тұрғын үйдің болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді алады.";

6-тармақтың 5), 6) тармақшалары алып тасталсын.

8-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган ақпараттық жүйелер арқылы:

1) отбасының бірге тұратын барлық мүшелеріне тіркелген тұрғылықты жерінің мекенжайы туралы мәліметтерді;

2) мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорынан есепке қою үшін өтініш берушіге және оның отбасының бірге тұратын мүшелеріне меншік құқығында соңғы бес жыл ішінде Қазақстан Республикасының аумағында тиесілі тұрғын үйдің болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді;

3) мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорынан есепке қою үшін өтініш берушіге және оның отбасының бірге тұратын мүшелеріне меншік құқығында соңғы бес жыл ішінде осы елді мекенде тиесілі тұрғын үйдің болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді алады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Мемлекеттік мекеменің немесе мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан тұрғын үй беруден, егер тұрғын үй берілетін кезде өтініш берушінің және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің соңғы бес жыл ішінде осы елді мекенде мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан немесе Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан меншік құқығындағы тұрғын үйі бар немесе болған болса, Заңның 69-бабы 1-тармағының 2) немесе 3) тармақшаларына сәйкес бас тартылады."

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты оның ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Өнеркәсіп және құрылыс министрі

*Е. Нагаспаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Өнеркәсіп және құрылыс  
министрінің  
2026 жылғы 16 наурыздағы  
№ 99 бұйрығына 1-қосымша  
Тұрғын үй көмегін көрсету  
қағидаларына 1-қосымша  
нысан

басшысына азамат (ша)

аты-жөні, әкесінің аты (бар  
болса) және жеке сәйкестендіру  
нөмірі өтініш берушінің  
мекенжайы:

(елді мекеннің атауы, тұрғылықты  
жерінің мекенжайы, телефоны)

## Өтініш

Мен \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),

\_\_\_\_\_

жеке сәйкестендіру нөмірі, туған жылы) тұрғын үй иесі (жалдаушы), жеке  
куәлігінің нөмірі, берген органның атауы

\_\_\_\_\_

менің отбасыма жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй үшін төлем тағайындауды сұраймын, \_\_\_\_\_ адам саны, тұрғылықты жері мекен-жайы:

Менің отбасымның құрамы:

№	Ж е к е сәйкестендіру номері	Өтініш берушінің отбасы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Туған күні	Туыстық қатынасы	Әлеуметтік мәртебесі
1					
2					
3					

Менің дербес деректерімді, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 4-тармағымен қорғалатын құпияны құрайтын, оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті тағайындау немесе оны тағайындаудан бас тарту үшін қажетті ақпараттық жүйелерде қамтылған әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйелеріндегі мәліметтерді пайдалануға келісімімді беремін.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

азаматтың (-шаның) қолы

Қазақстан Республикасының  
Өнеркәсіп және құрылыс  
министрінің  
2026 жылғы 16 наурыздағы  
№ 99 бұйрығына 2-қосымша  
Тұрғын үй көмегін көрсету  
қағидаларына 2-қосымша

"Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауын	Жоқ
3	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы"; 2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы: <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> .

4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	6 (алты) жұмыс күн
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	тұрғын үй көмегін тағайындау туралы хабарлама не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
8	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, түскі үзіліспен белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда.</p> <p>2) мемлекеттік корпорация – өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметтердің дайын нәтижелерін беру мемлекеттік корпорация арқылы дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз жүзеге асырылады, мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету кезекші бөлімдері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа Қазақстан Республикасының ;</p> <p>3) "электрондық үкімет" веб-порталы – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері</p>

		<p>жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);</p>
<p>9</p>	<p>Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі</p>	<p>1) Мемлекеттік корпорацияға: "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-2-бабының 9-1) тармақшасына сәйкес бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларына (бұдан әрі – қағидалар) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;  өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);  отбасының кірісін растайтын құжаттар (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);  жұмыс орнынан анықтама немесе жұмыссыз адам ретінде тіркелуі туралы анықтама (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);  балаларға және асырауындағы басқа да адамдарға алименттер туралы мәліметтер;  банктік шоты;  тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот;  коммуналдық қызметтерді тұтыну шоттары;  телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;  жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот;  2) "электрондық үкімет" веб-порталына:  мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған</p>

		<p>электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;</p> <p>отбасының кірісін растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;</p> <p>жұмыс орнынан анықтаманың немесе жұмыссыз адам ретінде тіркелуі туралы анықтаманың электрондық көшірмесі;</p> <p>балаларға және асырауындағы басқа да адамдарға алименттер туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі;</p> <p>банктік шотының электрондық көшірмесі;</p> <p>тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттың электрондық көшірмесі;</p> <p>коммуналдық қызметтерді тұтыну шотының электрондық көшірмесі;</p> <p>телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шоттың немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;</p> <p>жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шоттың электрондық көшірмесі.</p>
10	<p>Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген</p>

		<p>қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған жағдайда; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, соның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылғанда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.</p>
11	<p>Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса), оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>Тыныс-тіршілігін шектейтін кемістіктерден организмінің функциялары тұрақты бұзылуынан денсаулығы бұзылған көрсетілетін қызметті алушыларға қажет болған жағдайда 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну жолымен Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде "электрондық үкімет" веб-порталындағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>"Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметтерді алу үшін қызметтерді электрондық нысанда алу субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бір реттік парольдерді пайдалана алады.</p>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК